

№3 (495)
29 наурыз
2024 жыл

Zhurbanov University

Облыстық
ақпараттық-
танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді



Жаңа Наурыз

8-9 66

Осы санда

ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ



4-7 66

ПОЛЯКТАР ӨЗ ТІЛІН
ӨТЕ ҚАТТЫ ҚҰРМЕТТЕЙДІ



12-13 66

«МЕРЕКЕ КҮНІҢМЕНІ!»
МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ



16-6

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news



ӨҢІРДІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН ӘЙЕЛДЕР

Облыс әкімі Асхат Шахаров 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік шараға қатысып, өңірдің дамуына үлес қосқан әйелдер қауымын салтанатты жағдайда құттықтады.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет гендерлік теңдікті сақтауға, әйелдер құқығын қорғауға және отбасы құндылықтарын нығайтуға әрдайым баса мән беретінін атап өтті. Бүгінде әйелдер қауымының қоғам өміріндегі және демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекетті жан-жақты дамыту ісіндегі рөлі ерекше. Саясатта, бизнесте және экономиканың барлық секторында ер-азаматтармен қатар иық тіресе, еңбекке белсене араласып жүрген нәзік жандылар аз емес. Оған дәлел, облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттарда барлығы 205 депутат болса, оның ішінде 48 депутат — әйелдер. Ал облысымыздың мемлекеттік қызмет саласында 238 азаматша басшылық қызметте еңбек етіп жүр. 2023 жылдан бері бүгінге «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлерінің саны 900-ге жеткен. Бұл дегеніміз әйелдер еліміздің демографиясының өсуіне қомақты үлес қосып жатыр деген сөз. Еліміздің өркендеуі жолында аябай қызмет етіп жүргендеріңіз үшін баршаңызға өз ризашылығымды білдіремін. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін, — деді өңір басшысы.

Мерекелік шара Өнер орталығы ғимаратында өтті. Шақырылған қонақтар қатарында еңбек ардагерлері, кәсіпкер әйелдер, мемлекеттік қызметшілер, денсаулық сақтау, білім беру, коммуналдық құрылымдар, зауыттар, цехтар

және тағы да басқа салаларда жұмыс істейтін нәзікжандылар бар.

Мерекелік іс-шараға Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің бірнеше профессор-оқытушылары да қатысты.

ЖЕНЩИНЫ, ВНЕСШИЕ ВКЛАД В РАЗВИТИЕ РЕГИОНА

Аким области Асхат Шахаров принял участие в праздничном мероприятии, посвященном Международному женскому дню 8 Марта, и поздравил женщин, внесших вклад в развитие региона.

— Президент страны Касым-Жомарт Токаев отметил, что государство всегда уделяет особое внимание соблюдению гендерного равенства, защите прав женщин и укреплению семейных ценностей. Сегодня женщины играют особую роль в жизни общества и в деле всестороннего развития демократического, светского и правового государства. В политике, бизнесе и во всех секторах экономики немало казахстанок, которые наравне с мужчинами активно развиваются. В областном, городском и районном маслихатах 205 депутатов, в их числе 48 — женщины. В сфере государственной службы области на руководящих должностях тру-

дятся 238 актюбинок. С 2023 года число обладательниц подвески «Алтын алқа» и «Күміс алқа» достигло 900. Это означает, что женщины вносят значительный вклад в рост демографии страны. Выражаю свою признательность всем вам за то, что вы неустанно служите процветанию нашей страны. Желаю здоровья, семейного благополучия и счастья», — сказал глава региона.

Праздничное мероприятие прошло в здании Центра искусств. В числе приглашенных — ветераны труда, женщины-предприниматели, государственные служащие, работники здравоохранения, образования, коммунальных структур, заводов, цехов и др.

В торжестве приняли участие и прекрасные представительницы профессорско-преподавательского состава Актюбинского регионального университета Zhubanov University.

WOMEN WHO CONTRIBUTED TO THE DEVELOPMENT OF THE REGION

Akim of the region Askhat Shakharov took part in the festive event dedicated to International Women's Day on March 8, and congratulated the women who contributed to the development of the region.

— President of the country Kassym-Jomart Tokayev noted that the state always pays special attention to maintaining gender equality, protecting women's rights and strengthening family values. Today, women play a special role in the life of society and in the comprehensive development of a democratic, secular and legal state. There are many Kazakh women in politics, business and all sectors of the economy who are actively developing along with men. There are 205 deputies in the regional, city and district maslikhats, including 48 women. In the civil service of the region, 238 Akto-be women work in leadership positions. Since 2023, the number of owners of the "Altyn alka" and "Kumis alka" pendants has reached 900. This means that women are making a significant contribution to the growth of the country's demography. I express my gratitude to all of you for tirelessly serving the prosperity of our country. I wish you health, family well-being and happiness," said the head of the region.

The festive event took place in the Arts Center building. Among the invitees are labor veterans, women entrepreneurs, government officials, healthcare workers, education workers, municipal structures, factories, workshops, etc.

Wonderful representatives of the teaching staff of the Akto-be Regional University Zhubanov University also took part in the celebration.



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

«ӘЛИЯ»
ПАТРИОТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Ақтөбеде Әлия Молдағұлованың 2025 жылы атап өтілетін 100 жылдығына орай патриоттық орталық салынады. Бұл жөнінде аймақ басшысы Асхат Шахаров облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында баяндады.

Орталық ғимараты Әлия Молдағұлова ескерткішінің жанында бой көтермек.

Әлия Молдағұлова Ақтөбе облысы Бұлақ ауылында туған, Кеңес Одағының батыры, 1944 жылы 14 қаңтарда Калинин облысының (қазіргі Псков) Казачиха ауылы үшін шайқаста қаза тапты.

ПАТРИОТИЧЕСКИЙ
ЦЕНТР «АЛИЯ»

В Актобе в 2025 году будет построен патриотический центр, посвященный 100-летию со дня рождения Алии Молдагуловой. Об

этом глава региона Асхат Шахаров рассказал на очередной сессии областного маслихата.

Здание центра будет построено возле памятника Алии Молдагуловой.

Алия Молдагулова родилась в селе Булак Актюбинской области, Герой Советского Союза, погибла 14 января 1944 года в бою за село Казачиха Калининской области (ныне Псков).

PATRIOTIC CENTER
«ALIYA»

A patriotic center dedicated to the 100th anniversary of the birth of Aliya Moldagulova will be built in Aktoke in 2025. About it the head of the region, Askhat Shakharov, spoke at the session of the regional maslikhat.

The center building will be built near the monument to Aliya Moldagulova.

Aliya Moldagulova was born in the village of Bulak, Aktoke region, Hero of the Soviet Union, died on January 14, 1944 in the battle for the village of Kazachikha, Kalinin region (now Pskov).



✓ Best of the year

Ағымдағы жылдың 1-наурызында 2023 жылдың қорытындысы бойынша еліміздің үздік ғылыми қызметкерлері мен оқытушылары марапатталды. Марапаттау рәсімі Түркістан қаласында өткізілді.

Іс-шарада ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жеңімпаздарды құттықтап сөз сөйледі.

— Көктемнің алғашқы күні, әрі Алғыс айту мерекесінде Қазақстанның білім және ғылым саласын дамытуға қосқан үлестеріңіз үшін алғыс айту мақсатында сіздерді қасиетті Түркістан қаласында жинадық. Біздің ғалымдар күн сайын отандық ғылымның игілігі үшін жұмыс істеп, жобалар әзірлейді және тамаша нәтижелерге қол жеткізуде. Бұл — қазақстандықтар үшін үлкен қуаныш. Біздің мақсатымыз — халықтың ғылымға, ғалымдарға және жалпы жоғары білім жүйесіне деген сенімін қалпына келтіру. Осы жолда кішкентай болса да, бірақ сенімді қамдармен жүріп келеміз. Мәселен, 1-2 айдың ішінде «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы күшіне енеді.

Сондай-ақ, сәуір айында Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысы, үлкен ғылыми көрме өтеді. Біз сіздермен мақтанамыз, сондықтан еңбектеріңізді насихаттау жолындағы ортақ жұмысымыз қарқынды түрде жалғасады, — деді министр.

«Үздік ғылыми қызметкер — 2023» мен «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы — 2023» байқауларының жеңімпаздарының есімдері желтоқсан айының соңында белгілі болды.

Байқауға еліміздің 80 жоғары оқу орнынан барлығы 768 үміткер қатысты.

Республикалық конкурстық комиссия үздіктерді таңдауда электрондық оқу ресурстарын, оқу материалдарын әзірлеу және жариялау, отандық және халықаралық журналдардағы ғылыми жарияланымдар, өнертабысқа патенттердің болуы және т. б. сияқты көрсеткіштерін бағалады.

Байқау нәтижесінде ғылыми-зерттеу институттарының, ЖОО-ның және ұйымдардың ғылыми бөлімшелерінің 50 ғалымы және Қазақстанның 43 ЖОО-нан 150 оқытушы жеңімпаз атанды. Олардың әрқайсысы 2000 аЕК көлемінде сыйақы алды және арнайы төсбелгіге ие болды.

Олардың қатарында Zhubanov University 4 оқытушысы бар.

Журналист Гүлнара Қараша жеңімпаздардың әрқайсысын жеке құттықтап, жыл үздіктерін табысқа жетелеген жолымен танысқан еді.

— Сабира Сагынбековна, Біріккен Араб Әмірлігінің ірі қаласы, атақты Дубай қаласында өкенсаз, қандай мақсатпен жүрсіз? Алдымен білгіміз келіп тұрғаны осы.

— 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру байқауында «Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер мен күлкі категориясы: салғастырмалы аспекті» тақырыбындағы жобамыз мақұлданды. Жоба әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер мен күлкі категориясын салғастырмалы (қазақ, орыс, араб, ағылшын, француз тілдері) аспектіде зерттеуге арналған. Осы жобаның 2024 жылға арналған жұмыс жоспары бойынша Дубай қаласына іссапармен он күнге келдік. Дубай қаласындағы шейх Мухаммед ибн Рашид атындағы кітапхана, «Әр-Рашидия» қоғамдық кітапханасы, «Дубай» қоғамдық кітапханасында араб тіліндегі әзіл-оспақ пен күлкі категориясы туралы жазылған ғылыми еңбектермен таныстық. Жоба бойынша жазылатын монографияға материал жинадық. Араб тіліндегі әзіл әңгімелерді жинау үстіндеміз.

— Енді осы айда қол жеткізген үлкен жетістігіңізге құтты болсын дейміз. 2023 жылдың Үздік ғылыми қызметкері атанып, кеудеңізге төсбелгі тақтыңыз. Республика бойынша 50 ғалымға берілген марапат екен. Керемет.

— Рақмет! 2023 жылдың қорытындысы бойынша гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеуіміз үшін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері атандық, ҚР ҒЖБ министрі С.Нұрбектің қолынан Ш.Уәлиханов төсбелгісін тақтым. Бұл сыйлық 2019 жылы жарық көрген «Мұқағали тілі сөздігі» үшін берілді. Сөздіктің жауапты редакторы, ұстазым — филология ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, сөздік жасаудың хас шебері Байынқол Қалиев. Сөздік жасау ісіне филология ғылымдарының докторы, профессор Жансейіт Түймебаев пен филология ғылымдарының докторы, академик Шерубай Құрманбайұлы да қатысты. Сөздікті 5 жыл көлемінде, ешқандай төлемақы алмастан, ешкімнің тапсырысысыз, өз идеямыз бойынша жасап шықтық. «Мұқағали тілі сөздігі» қазақ лексикографиясына қосылған құнды еңбек болып саналады. Осындай еңбектің Ғылым Академиясы мен министрлік тарапынан бағалануы ерекше қуаныш әрі ғылымды қолдау деп ойлаймыз.

— Француз тілі маманы екеніңізді білдік. Шетел тілін білудің

ЖЫЛ



Сабира ИСАКОВА
«Теориялық және қолданбалы тіл білімі» кафедрасының оқытушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор

БҰЛ СЫЙЛЫҚ «МҰҚАҒАЛИ ТІЛІ СӨЗДІГІ» ҮШІН БЕРІЛДІ

ғылымдағы табысқа септігі бар ғой негізі. Тілдік біліміңізді пайдаланатын кездер көп шығар?

— Әрине, шет тілін білу арқылы сонау 1995 жылы, студент кезімде әлемдегі сән мен сұлулықтың символы саналатын Париж қаласында болып, Рен университетінде білім алғанмын. Шет тілін білу адамның рухани өсуіне, кәсіби шеберлігін шыңдауға, қарым-қатынас қабілетін арттыруға көмектеседі. Тілдік білімді пайдаланудың нақты дәлелі жобаға ұсынған тақырыбымыз деп айтуға болады, өйткені қазақ, орыс, араб, ағылшын және француз тілдеріндегі әзіл әңгімелерді салғастырмалы зерттеу ғылыми қауымдас-тық тарапынан қызығушылық танытып отыр. Өйткені құрылысы әртүрлі бес тіл материалын салғастырып зерттеу тіл білімі теориясы мен практикасына құнды тұжырымдар мен қажетті өнімдер әкелері сөзсіз.

Менің шәкірттерім де бірнеше тілді меңгерген мамандар. Мәселен, алғашқы шәкіртім, Ph.D. Нұргүл Құлтанбаева қазақ және араб тілдерінің, Бибігүл Хасанғалиева, Жанар Жетесова, Ақмарал Тұхтарова, Нарқозы Қартжан ағылшын тілінің, Есім Кенесов қазақ тілінің мамандары.

— Ғылыми-зерттеу саласындағы ең басты нәтижелеріңіз туралы айтсаңыз.

— Ғылыми-зерттеу саласындағы жетістіктерім ретінде 2000 жылы кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін, 2004 жылы «Тіл білімі» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын, 2008 жылы докторлық диссертация қорғап, филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін, 2022 жылы «Тіл білімі» мамандығы бойынша профессор ғылыми атағын алғанымды айта ала-

Үздіктері

мын. 90-нан астам еңбектің, оның ішінде 3 монография, 5 оқу құралы, 3 электронды оқулықтың, 3 сөздіктің авторымын. Ғылыми еңбектерім шетелдік WoS (3 мақала, h-1) және Scopus (9 мақала, h-6) базаларында жарыққа шыққан. Ғылым саласындағы еңбектерім бағаланып, 2013 жылы «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» грантының иегері атандым. Биыл гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеуім үшін Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері атандым.

— Мемлекетімізде жас ғалымдарға қамқорлық көрсету жағы жақсарып жатыр. Біраз жеңілдіктер бар. Сіздің көзіңізде ғылыми дәреже мен атаққа мінезділер ғана жетті ғой. Ғылымға жолыңыз қалай басталды?

— Дұрыс айтасыз, біздің кезімізде қазіргідей ғылымды қолдау көп болған жоқ. Ол кезең еліміз егемендік алған алғашқы жылдар еді. Жоғары оқу орнын бітірген соң өзім білім алған жоғары оқу орнында оқытушылық қызметте қалдым. Бір жыл еңбек етіп аспирантураға түстім. Күндіз-түні іздену мен еңбектің және ғылыми жетекшімнің арқасында кандидаттық диссертациямды бір жарым жылда мерзімінен бұрын аяқтап, қорғауға шықтым. Ол кезде аспирантурада 3 жыл оқитын едік. Ғылыми жетекшінің жас ғалымның қалыптасуындағы орны ерекше деп есептеймін. Ғылым жолымда әрі зиялы, әрі қатал, әрі талапшыл және әкең сияқты қамқор ғылыми жетекшімнің болуы бірінші Алланың сыйы деп санаймын.

— Өзіңіз де шәкірт тәрбиелеп жүрген боларсыз?

— 2022 жылы алғашқы шәкірттім Құлтанбаева Нұргүл докторлық диссертациясын сәтті қорғап, Ph.D. дәрежесін алды. Тухтарова Ақмарал мен Қартжан Нарқосы осы жылы қорғауға шығуды жоспарлап отыр. Хасанғалиева Бибігүл, Жетесова Жанар, Есім Кенесов докторантурада білім алып жатыр.

— ЖОО Үздік оқытушысы атағын 2013 жылы алып кетіпсіз. Бұл конкурсқа тағы қатыспақ ойыңыз жоқ па?

— Иә, қатысуға болады, оны өмір көрсетеді. Қатысуға мүмкіндігім жетеді деп есептеймін. Бірақ жастардың қатысуына да жол бергеніміз дұрыс сияқты.



Айнұр КУШКИМБАЕВА
«Қазақ әдебиеті» кафедрасының доценті, Ph.D.

БИИККЕ ШЫҚҚАН СӘТТЕ ЕСІМЕ ӘУЕЛІ ӘКЕМ, СОСЫН ЕНЕМ ТҮСЕДІ

— Айнұр Серікбайқызы, өткен 2023 жылдың қорытындысы бойынша «ЖОО Үздік оқытушысы» атағын жеңіп алдыңыз. Гранттық қаржыңызды қалай жұмсамақ ниеттесіз?

— Гранттық қаржымды жұмсау үшін алдын ала жоспар құрылып қойылған болатын. Атап айтсам, «Қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті-модульдік технологиялары» оқу құралын, ағылшын тілінде «The language personality of Mukhtar Auezov» (on the basis of drama works) монографиясын, «Аймақтық әдебиеттану» оқулығын шығаруға, Түркияның Стамбул университетіне барып тәжірибе алмасуға, өз білімімді көтеру сияқты жұмыстарға жұмсалады.

— Өмір белестеріңізге қарап отырсам, еліміздің бірнеше аймақтарында тұрған екенсіз. Соған қарағанда комфорттық зонадан шығу жағдайларына эмоционалды жағынан бейім жан болар деген ой түйдім. Әлде олай емес пе?

— Ия, комфорттық зонадан шығу жағдайларына бейіммін. Себебі өмірде әр түрлі жағдайлар болады. Жұбайымның жұмыс орнына байланысты көшуге мәжбүр боламыз, алайда осы Ақтөбе облысынан көп ұзаған жоқпыз. Шығыс Қазақстан жақта докторантураны бітірген соң барып, жұмыс істеуім қажет болды, бірақ отбасы жағдайыма байланысты ұзақ болмады. Алматы қаласында докторантура оқып жүрген кезімде тұрдым.

— Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша сабақтарда қандай жаңашылдықтар бар? Қазіргі заманғы ақын-жазушылардың

шығармашылығы талдана ма? Оны сұрап отырғаным, бұрын бұл бағытта ұстанатын идеология болды, бүгін қалай дегенім еді.

— Мен қазір «Қазақ әдебиеті» кафедрасында жұмыс жасап жүргендіктен, білім алушыларға Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінен сабақ беремін. Қазір заман талабына сай әдебиетті жаңа технологиялармен оқыту жүзеге асуда. Біз даярлап жатқан білім алушылар педагогикалық бағытта болғандықтан, жаңартылған білім бағдарламасын оқытуға міндеттіміз. Жас маман мектепке барғанда қазіргі заманауи технологиялардан хабардар болып баруы керек. «Қазақ тілі мен әдебиетін IT және цифрлық ресурстар арқылы оқыту» деген пән де бар. Онда ақын-жазушылардың өмірін, шығармаларын қазіргі жаңа технологиялар арқылы оқытамыз. Ақын, жазушылардың шығармашылығы өріне талданады. Қазір антропoeзектік парадигмаға сәйкес ақын, жазушының тілдік тұлғасын оқыту өзекті. Бұнда қаламгердің тіл байлығы, сөз қолданысы арқылы автор бейнесін ашу маңызды болып саналады.

— Ғылыми ізденістерге қызығушылығыңыз неден басталды?

— Мен негізі институт бітірген соң орта мектепте 18 жыл жұмыс жасап келген тәжірибелі мұғаліммін. Әрине мектепте жұмыс жасап жүріп, ғылыммен айналыстым десем сенбесіздер. Бірақ мектепте оқушыларымды Дарын, Кіші ғылым академиясына дайындап жүріп, ғылымға деген ынтам ашыла түсті. 1996 жылы М.Әуезовтің 100 жылдығына арнал-

ған мектеп мұғалімдері арасында «Ең таңдаулы әуезовтанушы» деген байқауға қатыстым. Міне, сол байқауға дайындық барысында, мен Д.Досжанның «Жалын» журналына шыққан «Бесігінді түзе» деген публицистикалық жазбасымен бастан-аяқ танысып, құныға оқып шықтым. Ұлы жазушы М.Әуезовті зерттеуге деген ықыласым сол кезде оялды. Кейін докторлық диссертациямды М. Әуезовтің тілдік тұлғасы бойынша қорғадым.

— Жастармен жұмыс істеу сізге қандай сезімдер сыйлайды?

— Студент жастармен жұмыс жасау маған ерекше ләззат сыйлайды. Әсіресе болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне мектеп туралы, жас балаларға білім берудің қаншалықты жауаптылығын, олар тек қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі ғана емес, сол мектептің жаны, жас ұрпақты тәрбиелеуші Ұстаз екенін ерінбей қайталап айта беремін. Мұғалім болу үшін баланы жақсы көру керек деймін.

— Өр жеңістің соңында үлкен еңбек тұрады. Еңбек етуге жағдай жасаған қамқор жандар тұрады. Бір биікке шыққан сәтте риза көңілмен кімді (кімдерді) ессіз аласыз?

— Менің әкем өте еңбекқор адам болатын. Ол бізге, балаларына кішкентайымыздан «адам адал еңбек арқылы ғана үлкен жетістіктерге жетеді» деп құлағымызға құйып өсірді. Әкемнен кейін енем, яғни жұбайымның анасы. Ол кісі ауырып жатып, кетерінде менің жұбайыма «мына келінді оқытатын жеріне оқыт, бұл ғылыммен айналысатын адам ғой», — деп тапсырып кеткен екен. Міне, сол енемнің сөзін жерге қалдырмай, мені жұбайым магистратура, докторантурада оқып, білім алуыма бар жағдайымды жасады. Биікке шыққан сәтте есіме әуелі әкем, сосын енем түседі. «Әже, мен сіздің маған артқан сеніміңізді ақтадым», — деймін ішімнен әр жетістікке жеткен сайын.

— Ұжымшыл адам ұжымда сыйлы. Ұжымыңыздың сізге деген ықыласын көрдік. Негізгі бұл өмірде бақыт кілтін таптыңыз ба? Тағы армандарыңыз қандай?

— Менің ұжымым — ерекше бауырмал, қамқор ұжым. Бір-бірін қызғану, көре алмау деген қасиеттер бізде жоқ. Қайта жетіспесінді жеткізіп, барды асырып отырады. Мен қазір ғылыми жоба ұтып алуыма байланысты аз ғана сағатпен жүрмін. Көп уақытымды жобамды жүзеге асыруға арнаймын. Кафедрада көп сағатым жоқ. Алайда кафедрама барғым келіп тұрады. Нағыз бақыт деген осы шығар? Жұмыс жасап жүрген ортада сені іздеп, сен оларсыз жүре алмайтын болсаң, одан артық қандай бақыт керек. Менің отбасымда құдай қосқан қосағым, Аллаға шүкір, бала-шағам, немерелерім бар. Осының барлығы үлкен бақытты құрайды деп ойлаймын. Армандарым әлі де көп. «Ұлтты тәрбиелегің келсе, қызыңды тәрбиеле», — дейді қазақ, мен қазақ қыздарына арналған инабатты қыздар мектебін ашқым келеді. Ол мектепте халқымыздың салт-дәстүрін, отбасындағы қарым-қатынасты, ене мен келін, жаңа түскен келін мен отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас туралы білім бергім келеді.

✓ Best of the year



Асқарбек ИМАНЧИЕВ

«Математика» кафедрасының оқытушысы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

МАТЕМАТИКАҒА БАЛА КЕЗІМНЕН ӘУЕС БОЛУЫМА НАҒАШЫЛАРЫМ СЕБЕП БОЛДЫ

— Асқарбек Еркемұлы, ЖОО Үздік оқытушы атағына әбден лайықсыз, құттықтаймын! Осы жеңіс басқа жетістіктеріңізден өзгеше болуы керек.

— Әрине, «Үздік оқытушы» атағына ие болу мен үшін үлкен қуаныш. Сонымен қатар, осы атаққа сай болу үшін маған зор жауапкершілік жүктейді. ЖОО саласындағы әріптестерімізді ынталандыру үшін ұйымдастырылатын конкурс. Нәтижесінде жеңімпаздардың ғылыми мақалалар жариялауына, т.б. шығармашылық жұмыстармен кеңінен айналысуына жол ашады.

2000 жылдардың басында аспирантурада оқып жүргенде, «Ұлттық Ғылым Академиясының Хабаршысы» ғылыми журналында алғашқы мақаламыз шыққанда қатты қуанғанымыз бар.

Уақыты келгенде кандидаттық диссертациямызды қорғап, қолымызға дипломды алғанда да шаттанғанымыз бар.

Міне, осы жолы ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қолынан «Үздік оқытушы» атағын алу да біз үшін бір мәртебе болды.

Бұл дәрежеге көтерілуде әріптестеріміздің берген ақыл-кеңесі, бағыт-бағдары, қолдаулары болғанын айта кеткен жөн деп санаймын.

— Математиканы бала кезіңізден сүйеді екенсіз. Мамандық таңдауда қателеспейдің дұрыс екенін сізге қарап пайымдаймыз. Мамандығыңызбен бақыпты сияқты көрініп тұрасыз.

— Математикаға бала кезімнен әуес болуыма нағашыларымның математика пәні мұғалімдері болғаны себеп болды деп ойлаймын. Бала кезімде үйіне барғанда әртүрлі қызықты есептер беріп, біздің ойымызды жүйрік болуға баулитын. Соның әсері болар 6 класты бітірген соң мендей ауыл баласы бірден Алматыдағы Республикалық физика-математикалық мектебінің (РФМШ) оқушысы болып шыға келді. Сол мектепті бітірген оқушылардың ішінен мен сияқты ғылым, білім жолына түсіп, әсіресе математика саласында жетістікке жеткендері баршылық.

— 27-ші жыл сабақ бересіз. Жастардың оқуға ынтасы көңіліңізден шыға ма?

— 1996 жылы осы өзіміздің Қ.Жұбанов атындағы университетті бітіріп, сол жылы «Математикалық анализ» кафедрасына оқытушы болып қабылдандым. Кешегі студенттің бірден оқытушы болғанының тиімді тұстары, жас маман студент-жастармен тез тіл табысады, олардың қажеттіліктерін терең түсінеді. Міне биыл еңбек жолымның 27-ші оқу жылы

да аяқталып қалды. Осы уақыт аралығында жастарымыздың білім алуға ынтасы уақыт өткен сайын, заман талабына сай артып келеді деп зор сеніммен айта аламын.

Жастардың оқуға ынтасы жоғары болу үшін оларды әлеуметтік жағдайлар алаңдатпауы керек. Біздің жас мемлекетімізде жастарға үнемі көңіл бөлініп, қамқорлық артып келеді. Бұрынғы жылдары кей студенттерге жатақханадан орын жетпей қалып, бұл өз кезегінде сабақ үлгеріміне әсер етіп жататын. Бүгінде бұл мәселе шешімін толық тапты десе де болады.

— Робототехника, жасанды интеллект турасындағы математик ретінде ойларыңызды естіп қаламыз. Сол туралы айтып өтсеңіз.

— Қазіргі заманда ғылымның басында IT саласы тұр десек болады. Техника, медицина, басқа да ғылым салаларының дамуына робототехника, жасанды интеллект секілді бағдарламашы мамандар қажет. Ал саланы жақсы меңгеру үшін логика, ұшқыр ой, анализ, талдау болу керек. Бұны тек математика саласынан табасыз. Сондықтан бұл мамандықтарда математикалық анализ, алгебра, дискретті математика сияқты маңызды пәндер алдымен оқытылады. Қысқаша айтсақ, жақсы IT маманы болу үшін математикадан білімі жоғары болуы тиіс.

— Кәсіби бағдар жұмыстарына белсене араласасыз. Математик мамандығына байланысты талапкер қойған ең қызық сұрақ есіңізде ме? Қалай деп жауап бердіңіз?

— Кәсіби бағдар жұмысы университеттегі маңызды жұмыстардың бірі. Оқушыларға кәсіби бағдар бағытында, қабілетін анықтау үшін математика пәнінен шеберлік сабағын жиі өткізіп тұрамыз. Оншақты жыл бұрын сондай бір физика-математика бағытындағы класқа сабақ өткізіп, олардың математика пәніне қабілеті жоғары екенін байқадым. Таңдаған мамандығы жайлы сұрап едім, көпшілігі мұнай саласын

таңдап отыр екен. «Математика пәні мұғалімі жетіспейді, неге мұғалім болмайсыздар?» десем, тек айлығының аздығына бола барғысы келмейді екен. «Сіздердің балаларыңызды кім сонда математикадан оқытуы керек?», — деп қайыра сұрақ қойдым. Аңтарылып қалды. «Сіздер оқу бітіргенше мұғалім айлығы мұнайшы айлығынан кем болмайды», — деп бірекеуін мұғалім болуға үгіттедім. Олар бүгінде керемет, мақтаулы математика пәні мұғалімдері. Кейінгі жылдары үкіметіміз шынында да мұғалімдер мәртебесін көтеріп жатқаны қуантады.

— Үздік ұстаздың үздік ұстазы кім екен?

— Бізді ғылым жолына бағыттаған, студент кезімде университетте сабақ берген, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, сол жылдардағы факультет деканы Жайшылық Алмағамбетұлы Сартабанов бастаған, факультеттің профессор-оқытушылар қауымы дер едім. Дәл сол уақытта профессор-математик Кенжеғали Кенжебайұлы Кенжебаевтың ректор болып тағайындалғаны да математика саласында жүрген жас мамандардың ғылыммен айналысуына кең жол ашты деп есептеймін. Университетімізбен Ұлттық Ғылым Академиясын, Математика институты арасында үлкен көпір пайда болды. Сол көпір арқылы Академияның Ғылыми кеңесінде көптеген ақтөбелік жас ғалымдар диссертацияларын қорғады. Сол Ұлттық Ғылым Академиясындағы ақыл-кеңес берген ғалымдарды да үздік ұстаздардың үздік ұстаздары дер едім.

— Әдетте адамның әр жетістігі алдағы жетістікке негіз болады. Тағы қандай байқауларға қатысып жатысыз?

— Бұл алған белесімізде тұрып қалмай, одан әрі еліміздегі ғылымды дамытуға, өсіп келе жатқан жас буынды ғылым жолына бағыттауға, әрдайым университетіміздің мәртебесін көтеруге одан әрі қызметімізді жалғастыра береміз деп ойлаймын.

Үздіктері

— Захира Туребаевна, ЖОО үздік оқытушысы атағыңыз құтты болсын, жас болсаңыз да табыс биігінен көргенімізге қуаныштымыз.

— Рақмет! Жоғары оқу орындарының оқытушыларын ынталандыру мақсатында жыл сайын «ЖОО үздік оқытушысы», «Үздік ғылыми қызметкер» және басқа да атаулы сыйлықақылар мен стипендиялар бойынша конкурстар болып тұрады. Осы жылы, біздің университетімізден 3 оқытушы «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы — 2023» атағына ие болды. Олардың қатарында менің де болғанымға өте қуаныштымын. Әрине, бұл жерде біздің ұжымның еңбегін ескеру керек, осы конкурсқа қатысуға әріптестерімнің көмегі көп болды, университет басшылығына да қолдау көрсетіп, жағдай жасағаны үшін үлкен рақмет айтамын!

— Ғылымдағы жоғары дәреже деп есептелетін Scopus және Web of Science сервисіндегі журналдарға 10 мақалаңыз шығыпты, h-индексіңіз — 4-ке тең. Бұл жақсы нәтиже. Қай жылдар сіз үшін ғылыми сала жағынан өнімді болды?

— Оқуымды бітіре салып, білімді жалғастыру мақсатында магистратураға түстім. Ғылыми ортамен танысуым осы магистратурадан басталды. Дегенмен, студент кезімде оқушыларды қосымша дайындай жүріп, мұғалім болу қолымнан келетіндігіне көзім жетіп, мектепке жұмысқа орналастым. Әрине, 7 жыл мектептегі тәжірибе педагог болып қалыптасуыма жақсы ықпал еткенімен, ғылымнан алшақтатқандай сезілді. Сол себепті, жоғары оқу орнына қайта келу мүмкіндігі туған кезде өзімді сынап көруді шештім. 2017 жылы «Математика» кафедрасына оқытушы ретінде жұмысқа қабылдандым. Алғашқы жылы кафедра, университет ұйымдастырған әртүрлі ғылыми-әдістемелік сайыстар, семинарлар мен конференциялар және қоғамдық іс-шараларға қатысып жүрдім. 2017-2018 оқу жылында университетімізге Түркияның, Орталық Шығыс техникалық университетінің профессоры, доктор Ахмет Марат Убайдуллаұлы келіп лекция және семинарлар өткізді. Сол сабақтарға қатыса жүріп, Марат ағайдың ғылыми бағытымен танысып, зерттеу тақырыбына қызығып, көп іздене бастадым. Ғылыммен шынайы айналысудың бастамасы — докторантура. 2018 жылы докторантураға түсіп, жетекшілерім Тлеубергенова Мадина Алмухановна және Ахмет Марат Убайдуллаұлы бірігіп қойған есептерін зерттеумен айналыса бастадым. Ғылымның жұмысының



Захира НУГАЕВА
Оқытушы-зерттеуші, Ph.D.

ҒЫЛЫММЕН ШЫНАЙЫ АЙНАЛЫСУДЫҢ БАСТАМАСЫ — ДОКТОРАНТУРА

нәтижесі, көрсеткіші оның рейтингі жоғары халықаралық журналдарда мақала жариялауымен және еңбегіне өзге зерттеушілердің сілтеме беру санымен өлшенетіні белгілі. 2019 жылдан бастап зерттеу бағытым бойынша ғылыми жобаларға қатыса бастадым. Соның нәтижесінде 2020 жылы жетекшілеріммен бірге алғашқы нәтижелерім Scopus және Web of Science сынды беделді дерекқорларға енетін жоғарғы рейтингті журналдарда жариялана бастады. Қазіргі уақытта да, зерттеу жалғасып, жақсы нәтижелер алынып жатыр.

— Педагогикалық қызметіңіз мектептен басталыпты. Жас маманды шыңдайтын орта. Ұстаздық жолдың бастауын да еске алсаңыз.

— Иә, алғашқы қызметім орта мектепте мұғалімдіктен басталды. Қаламыздағы №36 қазақ орта мектебінде, №10 жалпы білім беретін орта мектепте математика пәнінің мұғалімі болдым. Мектепте негізінен жоғары сыныптарға, яғни 9-11 сыныптарға сабақ жүргіздім. Жыл сайын ҰБТ сынды маңызды емтихандарға, ғылыми жобалар мен пәндік олимпиадаларға оқушыларды дайындайтынмын. Жүлделі орындар алғандары да жетерлік. Мұғалімнің жұмысы, нәтижесі бірден көрінетін жұмыс емес. Мектеп бітірген оқушыларымның жеткен жетістіктерін көру және сол жетістікте менің кішігірім болса да қатысым бар екенін сезіну, бұл керемет әсер.

— Оқытушы-зерттеуші екенсіз, зерттеу нысанаңыз туралы да айтып берсеңіз.

— Қазіргі таңда елімізде ғылымның дамуына ерекше көңіл бөлініп жатыр. Әлемнің орнықты тәжірибесіне, сол әлемдік ғылымды өз ілімімен мойындатқан отандық және шетелдік ғалымдардың тәжірибесіне сүйене отырып, еліміздегі ғылым мен оның қолданыс аясын дамыту мен жандандыру бүгінгі күннің басты мәселесі. Бүгінде ғылым немесе өндірістің қай саласымен айналысамын десеңіз де бар мүмкіндік жасалған. Бір ғана ғылым саласын алып қарайтын болсақ, мемлекет тарапынан бөлініп жатқан гранттық қаржыландырулардың өзі зерттеушіге берілген үлкен мүмкіндік. Өткен оқу жылынан бастап университетімізде «Оқытушы-зерттеуші» біліктілігі енгізілді. Бұл университетіміздің ғылыммен айналысамын дейтін зерттеушілері үшін зор бастама болды.

Зерттеу бағытым туралы айтар болсам, біздің зерттеу тобымыз қазіргі уақытта, сызықтық және сызықтық емес дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясын зерттеу, олардың шешімдерін сандық модельдеу, болжанбайтындық және хаос теориясын зерттеу, нейрондық желілер, нейрондық желілердегі көпкомпонентті және болжанбайтын тербелістерді зерттеу және сандық модельдеумен айналысады. Осы бағытта зерттеулеріміз грант-

тық қаржыландыруларға ие болып, салмақты нәтижелер алынууда.

— Есте ескі стереотип қалып қойған. Математик десе көз алдымызға ер кісілер келеді. Бұл салмақты пән мамандығын тандауыңызға себеп болды ма?

— Иә, бұл шынымен де ескірген және қате стереотип. Математика, кез келген басқа білім саласы сияқты жынысқа байланысты емес. Математика тарихында осы ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті математик әйелдер көп болды. Мысалы, Софья Ковалевская, Эмми Нётер, Софи Жермен, Джулия Боумэн сияқты математиктерді және математиканың дамуына елеулі үлес қосқан басқа да әйелдерді айтсақ болады. Алысқа бармай-ақ, мысал ретінде өзіміздің кафедрамызды алып қарасақ, жартысынан көбі әйел профессор-оқытушылар, доктор және ғылым кандидаттары қызмет етеді. Әрбір адамның оқуға деген қызығушылығы мен ынтасы болса, тамаша математик немесе басқа саланың білікті маманы болуға мүмкіндігі бар деп ойлаймын.

— Жақсы ұстаз — шамшырақ. Кімді ең бас ұстаз тұтасыз?

— Әрине, көз келген маман иесі ең алдымен адами қасиетке ие болуы, шынайы болуы керек деп ойлаймын. Ең бірінші ата-анамның адалдығы мен адамгершілік қасиетін үлгі тұтамын. Кәсіби бағыттағы жетістіктерге жетуіме мектеп қабырғасында жүргенде білім негізін қалап, болашаққа жолдама берген мұғалімдерімнің, одан кейін жоғары оқу орнында оқып жүрген кезімде жол сілтеп, бағыт-бағдар берген оқытушыларымының үлесі көп. Біз үнемі білім алып, дамып келеміз, бір-бірімізді қолдау және шабыттандыру арқылы үйренеміз және өсеміз. Осы орайда, өзім білім алып шыққан ұш сатылы (бакалавриат, магистратура және докторантура) білім ордасы, біздің «Математика» кафедрасының профессор-оқытушыларымен жұмыс жасау мен үшін үлкен мәртебе және жауапкершілік екенін айтқым келеді. Бәріне алғыс білдіремін!

Ғылым жолындағы мен үшін орны бөлек ұстазым туралы ойыма тоқталайын. Университетке келіп ғылымға бас бұра бастағанда бағыттаушы жетекшіңіз болғаны үлкен жетістік. Маған осы қиын жолда бағыт көрсетіп қана қоймай, мақала жазу, зерттеу сынды ғылыми сауаттылық пен қоса тек адал еңбек ету арқылы ғана жетістікке жетуге болатынын үйреткен ұстазым — Ахмет Марат Убайдуллаұлы. Ағай үнемі, кез келген жұмысқа зергер сияқты қараңыз дейді, яғни, қиыншылыққа төзімділікпен қарау және тек тынымсыз еңбек арқылы ғана ойлаған нәтижеге жетуге болатынын бойыма сіңіріп келеді. Математикаға қызығушылығымды арттырып, сенім мен шабыт ұялатқан ұстазыма ерекше алғыс айтқым келеді.

— Егер құпия болмаса, ұтқан гранттың қаржыны қандай мақсатқа жаратпақ ойыңыз бар?

— Жоспарлар көп, зерттеу бағыты бойынша басқа ел ғылымдарының тәжірибесімен танысу мақсатында ғылыми тағылымдамаға баруды жоспарлап отырмын.

✓ New Nauрыз

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен елімізде Наурыз мейрамы биыл 10 күн бойы тойланды.

Наурыз мейрамы 14-23 наурыз аралығында жаңа форматта, «Наурызнама» деген атаумен өткізілді.

Жаңа өзгеріске орай Наурыз мерекесінің арнайы логотипі бекітілді.

ЖАҢА ФОРМАТ АЯСЫНДА

14 наурыз — «Көрісу күні — Амал мерекесі»

15 наурыз — «Қайырымдылық күні»

16 наурыз — «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні»

17 наурыз — «Шаңырақ күні»

18 наурыз — «Ұлттық киім күні»

19 наурыз — «Жаңару күні»

20 наурыз — «Ұлттық спорт күні»

21 наурыз — «Ынтымақ күні»

22 наурыз — «Жыл басы»

23 наурыз — «Тазару күні» аталып өтілді.

«Наурызнама» онкүндігінде елдің барлық аймақтарында ұлттық киімдерді, сонымен қатар мәдениетті, өнерді және ұлттық құндылықтарды кең насихаттау іс-шаралары ұйымдастырылды.

Алматы қаласына жұмыс сапарымен барған Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» алаңында өтіп жатқан мерекелік іс-шарада Қазақстан халқын Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.



— Бабаларымыз ежелгі заманнан бері Ұлыс күнін жыл басы ретінде атап өткен. Қазір Өз Наурыз күллі халыққа ортақ жалпыұлттық мерекеге айналды. Оны ұлтына, дініне қарамастан барша жұртымыз ерекше күтеді, бірге атап өтеді. Дана халқымыз «Жақсы сөз — жарым ырыс» деп бекер айтпаған. Жаңа жылды жақсы ниетпен, пайдалы іспен бастау — талайдан қалыптасқан дәстүр. Бұл күні қонақжай жұртымыз ақ дастарқан жайып, бір-біріне ақжарма тілектерін айтады. Бұлақтың көзін ашып, тал егеді, тазалыққа баса мән береді. Наурыз мерекесінде халқымыздың асыл қасиеттері мен құндылықтары түгел көрініс тапқан. Биыл Ұлыстың ұлы күні Рамазан айымен тұспа-тұс келіп отыр. Қазақ жеріндегі дін мен дәстүрдің үйлесімі дәл осы кезде айқын көрінеді.

Бірлік пен ынтымақ — еліміздің басты құндылықтарының бірі. Біз жанашырлық, тілеулестік сияқты асыл қасиеттерді дәріптеуіміз қажет. Еліміздің бірлігі мен татулығы әрдайым бекем болса, елдігіміздің тұғыры мәңгі болады. Мен бұған кәміл сенемін.

Еліміздің алдында биік мақсат тұр. Бұл — Әділетті Қазақстанды құру. Біз адал еңбек етіп, адал табысқа жете алатын әділ қоғам орнатуымыз керек. Мұндай қоғамды адал азаматтар қалыптастырады. Бір сөзбен айтсақ, әділдік пен адалдық — әрдайым қатар жүретін егіз

Жаңа Наурыз



ұғым. Сондықтан біз құрып жатқан қоғамда баршаға бірдей мүмкіндік беріледі. Әділетті мемлекет — бұл заң мен тәртіп үстемдігі. Озық мемлекет болу үшін бәріміз тек жарқын болашаққа сеніммен қарауымыз керек. Біздің үмітіміз — жастар. Қазақстанның келешегі сіздердің қолдарыңызда. Белсенді, санасы сергек, ойы ұшқыр, адал, көзі ашық жастарға біз әрдайым қолдау көрсетеміз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент биыл елімізде 4 ауқымды жоба қолға алынатынын жеткізді. Атап айтқанда, көптеген жылу орталығы және инженерлік желілер жаңғыртылады, 12 мың шақырым жол салынып, жөнделеді. Сонымен қатар 300 мың адам табиғи газдың игілігін көре бастайды және ауыл мен аудан тұрғындары үшін жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылады. Мемлекет басшысының айтуынша, әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтар үшін несие өсімі 7 пайыздан аспайтын болады. Ал жалға берілетін баспана саны бірнеше есе көбейеді.

— Мұның бәрі халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал етері сөзсіз. Елге, халыққа арналған осындай игі шаралар міндетті түрде жалғасын табады. Баршаңызды бүгінгі Көктем мерекесімен тағы да шын жүректен құттықтаймын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! — деді Қасым-Жомарт Тоқаев





ЖҰБАНОВ АУЫЛЫ

Наурыз мерекесінде Zhubanov University өңірлік университеті қала жұртшылығы мен қонақтарын арнайы концерттік бағдарлама арқылы құттықтады. Іс-шараға университет ректоры Лаура Қарабасова қатысты.

Қаланың Әдебиет алаңында мереке тойлаған қауым университет өнерпаздарының орында-

уында рухты ән-жыр тыңдап, көңіл серпілті.

Сондай-ақ студенттік жастардың қолымен жасалған ұлттық бұйымдар көрмесін тамашалады.

Жас стрит-артерлердің өнеріне тамсанып, «Асық ату», «Арқан тарту», «Қол күрес» ұлттық ойындарына қатысып, сыйлықтар ұтып алды.

Сондай-ақ Zhubanov University Тұңғыш Президент атындағы саябақта киіз үй тігіп, ақ дастарқан жайды.

ZHUBANOV UNIVERSITY РЕКТОРЫ СӘБИДІҢ ТҰСАУЫН КЕСТІ

Елімізде жаңаша тойланып жатқан Наурыз мейрамының Жаңару күнінде Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова сәбидің тұсауын кесті.



Ұлттық рәсім университеттің Өз Наурызға орай ұйымдастырған іс-шарасы барысында көпшілік алдында өтті.

Тұсау кесу — сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін, болашағы бақытты болсын деген игі тілекпен жасалатын әдемі дәстүр. Баланың аяғына ала жіп байлап, оны арнайы таңдаған адамға кескізеді. Жіпті қадірлі, ісі алға басып тұрған, жылдам, сүрінбей жүретін адам кеседі. Бұл — бала осы адамға тартсын деген ырым.

Мерекеге жиналған жұрт сондай-ақ Ұлттық тағамдар және Салт-дәстүрлер көрмесін тамашалады. Педагогикалық ұжым ынтымақ-бірлікте ән-жыр айтып, би билеп, ұлттық спорт түрлері бойынша жарысқа қатысып, көңіл көтерді.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНЫҢ БІРЕГЕЙ ЛОГОТИПІ — ҰШ ҚЫЗҒАЛДАҚ

— Халық үшін қызғалдақ Наурыз мерекесінің жарқын символы болып саналады. Ата-бабамыз ежелден қызғалдақты қастерлеп, оны жұмақ гүлі деп санаған.

Сәбит Барлыбаев
ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Мәдениет комитеті
төрағасының орынбасары



Қадірменді жерлестер!

Рамазан айының қасиетті жұма-сына тұспа-тұс келген өз-Наурыз-ымыз баршамызға құтты болғай!

Бұл — жаңаша сипатта тойланып жатқан Наурыздың мән-мағынасын айғақтай түскендей.

Наурыз — күн мен түн теңеліп, Жер-Ана қайта түлейтін берекеге толы мейрам. Үлкендер айтпақшы, жуанның созылып, жіңішкенің үзілген кезі.

Біз қазақтың ежелгі жыл санауы бойынша Ұлу жылына қадам бастық. Барша түркі жұрты, оның ішінде халқымыз бұл жылы қамба астыққа, жер беті жасыл шөпке толады деп жорамалдаған. Отандастарымыз үшін жайлы, жұмсақ жыл боларына кәміл сенемін.

Осы жылды ақтөбеліктер үлкен жетістіктермен қарсы алып отыр. Аянбай еңбек етіп, әр іске жұмыла кірісек, халықтың дастарқаны дәмге, шаңырағы ырысқа толатыны сөзсіз. Еліміздегі тұрақтылық тұғыры берік болсын!

Ұлыстың ұлы күні — елімізге тыныштық, жерімізге молшылық, әр отбасына ырыс-құт әкелсін деп тілеймін!

**Ұлыс оң, ақ мол болсын!
Наурыз құтты болсын!**

**Ақтөбе облысының әкімі
Асхат Шахаров**



☑ Nauryz holiday

Қазақ тарихында Наурыз қандай мереке?

Наурыздың ұлттық мереке ретінде ерекшелігін айтпас бұрын, алдымен, мына мәселеге көңіл бөлген дұрыс: бірінші кезекте тәуелсіз мемлекет, ел, ұлт ретінде осы мерекенің мазмұнын, тарихымыздың, мәдениетіміздің философиясын қаншалықты зерттеп, терең түсініп жүрміз? Кез келген елдің, ұлттың төл мерекесі, алдымен, дүниетанымдық тәжірибелерден, дін мен дәстүрдің байланысынан, халықтың бірлігін негіздейтін дүниелерден құралады. Мұның халықтың өмір сүрудегі негізгі тәсілдерінен де анық көрініп отыратыны белгілі. Осы тұрғыдан қарасақ, Наурыз — бұл түркі тілдес халықтардың, қазақ халқының барлық құндылықтарының (дін мен дәстүр, атамекен, шаруашылық, тарих, өнер, тәрбие) басын біріктіріп отыратын төл мерекесі.



Үмбетқан Сарсембин
Zhurbanov University
Қазақстан халқы Ассамблеясы
және әлеуметтік-саяси пәндер
кафедрасының меңгерушісі,
философия ғылымдарының
кандидаты

Халықтың төл мерекесі, алдымен, оның игіліктерінің тұтастығымен ерекшеленетінін ескеру керек. Алаш зиялылары бұл мерекенің ұлттық мереке ретіндегі тарихи мәніне осы негізде көңіл бөлген. Мәшһүр Жүсіп Көпеев Наурыз мерекесін ұлт шежіресіндегі құнды дүниелердің бірі ретінде көрсеткен. Оның жазған еңбектерінде қазақ даласындағы тарихи жер атаулары, тау мен су, құмы қалың жерлер мен төбе атауларының шығу тарихы, аңыз әңгімелер қазақ тарихының әлемдік тарихтың құбылысына айналған дүниелермен байланысын көрсетеді. Әр халықтың ұлттық

болмысы, өмір сүру жолы алдымен табиғат жағдайына байланысты. Қазақтың көшпелі тұрмыстағы мал шаруашылығын негізгі экономикалық күш ретінде қабылдауының себебі осында жатыр. Бұған, ең әуелі, атамекеннің климат жағдайы әсер еткен. Осы ұланғайыр даланы игеру, сақтап отыру үшін бұл тиімді әрі ең дұрыс әдіс болып саналды. Осы бағытта барлық тәжірибелердің, яғни ұлт игіліктерінің қалыптасып отырғанын байқауға болады. Қазақтың барлық өнері, атап айтсақ қол өнері, сөз өнері, күй өнері, шаруашылықты жүргізуі, батырлық өнері, ұлттық ойындар бір ғана нәрсе, яғни осы атамекенді қорғауға, оның байлығын дұрыс игеруге бағытталғаны көрініп тұр. Ұлттың жер байлығы табиғат барлық кезде де сақталып, ұрпақтың тарапынан қорғалып отыруы керек. Жерден қол үзе басқасын орнына келтіру қиын. Әлихан Бөкейханов айтқандай, жер, шаруашылық, ұлттың болмысы бір-бірімен байланысты. Сондықтан да бұл мереке тарихтағы қазақтың рухани өмірінде ел, ауыл- аймақ, ел ішіндегі іс білетін, елге басшылық жасайтын адамдары бас болып өткізетін, өткен жылда атқарған, елге пайдалы болған істерді қорытындылайтын, алдағы уақытта атқарылатын істерді белгілейтін күн болған. Ол кездегі қазақтың жайлауы жүздеген шақырымға дейін кетеді. Сол себептен Наурыз мерекесін тойлауда ұлттық мүддеге қатысты ортақ мәселелер зерделенген. Бұл айдың қыстың қиындығынан аман-есен шыққан ел, әр адам, әр бала үшін де өзінің ойын, рухын сергітетін күнге айналғанын көруге болады. Қазақтың ойын баласы үйірден ұстаған тайды үйретіп, осы Наурыздағы ойынға дайындайды. Басқа да ұлттық



ойын түрлері бар. Мұның барлығын ескере келіп түйіндейтін болсақ, төл мерекенің қоғамға берері аз болмағаны көрініп тұр.

Наурыз мерекесін жыл басы, күн мен түннің теңелетін уақыты деп қарайтын болсақ, бұған ең әуелі дүниетанымдық негізде көңіл бөлген дұрыс. Көшедегі мерекелік шарадан бұрын әрбір шаңырақ бұған дұрыс әрі терең көңіл бөлуі керек. Тазалықты, жаңаруды өзімізден, әр отбасынан бастауымыз керек. Әр адам жаңаруды өзінің ішкі әлемінен бастағаны дұрыс.

Кеңес билігі тұсында ата-әжелеріміз мұны ұмытқан жоқ. Қарияларымыз бұған қатысты көп нәрсені ұрпақтарына айтып кетті. Осы мезгілде жасалатын жаңа күннің, жаңа жылдың рәсімін олар өздерінің шаңырақтарында жасап, балаларына үйретіп отырған, ұрпаққа ұлттық құндылықтарды насихаттаумен болды. Кеңес билігі тұсында бұл мерекенің аталмау себебі, қазақтың кең заманындағы Наурыз тойын өткізетін байлардың ізін

олар күштеп жойып жіберді. Қоғамды бай, кедей деп бөлу саясаты тарихымыздың, ұлттық құндылықтарымыздың талғамына қайшы келді. Сол себептен бұл мереке қасқана назардан тыс қалып отырды. Оның үстіне қоғамның барлық саласына түрлі саясат жүргізілді. Ел аштыққа ұшырап, талай адам сталиндік қуғын-сүргін саясатының құрбанына айналғаннан кейін большевиктер қоғамға қажет адамдардың орны көрініп қалады деп сескенді. Ұлттың мүддесіне қатысты көп нәрсе осылайша ұмыт бола бастады. Бұл мерекеде қоғамды бөлуге болмайды. Керісінше халықты бірлікке шақыратын, қоғамына, бір-біріне қайырымды істер жасайтын күн болған. Әр адам сол елдің азаматы, баласы ретінде мерекенің жылуын сезінуі керек.

Наурыз мерекесін тойлаудың да өз мәдениеті бар. Ең әуелі, қоғам Наурыздың қандай мереке екенін жетік білуі тиіс. Сонда ғана мерекені өткізу барысын жетілдіріп, реттеуге болады.

☑ Main news

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ

Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова Ақтөбе облыстық білім басқармасының басшысы Жайық Сұлтанмен педагогикалық білім беру сапасын арттыру бағытындағы алдағы жұмыстарды талқылады.

Бұл туралы ЖОО ректоры өзінің Telegram каналында жазды.

«Өңірдегі педагогтердің басым бөлігі Жұбанов университетінің түлектері екені белгілі.

Осы тұста университетімізде педагогикалық білім беру бағдарламалары үнемі жетілдіріліп отыратынын айтқым келеді. Педагогикалық практикаға бөлінетін сағаттар санын ұлғайттық. Практика базалары және білім беру ұйымдарынан тағайындалатын практика жетекшілеріне қойылатын талаптарды күшейттік. Қала мектептерінен озық тәжірибелі ұстаздар шақырылып, «Оқыту әдістемесі» пәнін студенттерге практик-ұстаздар оқытуда» делінген жазбада.

Жайық Сұлтан Zhubanov University түлегі. 2004 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген.

2014 жылы «Болашак» бағдарламасымен Лондондағы Брунел университетінде «Оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесі» мамандығын алған. Филология ғылымдарының кандидаты.

КАЧЕСТВО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Ректор Zhubanov University Лаура Карабасова с руководителем управления образования Актыобинской области Жайыком Султаном обсудили предстоящую работу по повышению качества подготовки педагогов.

Об этом ректор вуза Лаура Карабасова написала в своем Telegram-канале.

«Большая часть педагогов региона — выпускники Zhubanov University. Хочу сказать, что в нашем университете постоянно совершенствуются педагогические образовательные программы. Мы увеличили количество часов, выделяемых на педагогическую

практику. Повысили требования к руководителям практик, назначаемым из баз практики и организаций образования. Из школ города приглашены опытные преподаватели, которые обучают студентов дисциплине «Методика преподавания», — говорится в публикации.

upcoming work to improve the quality of teacher training.

The rector of the university, Laura Karabasova, announced this in her Telegram channel.

“Most of the region’s teachers are graduates of Zhubanov University. I would like to say that our university is constantly improving pedagogical edu-



Жайык Султан является выпускником Zhubanov University. Окончил вуз в 2004 году по специальности «Казакский язык и литература».

В 2014 году по программе «Болашак» прошёл обучение по специальности «Теория и методика преподавания и воспитания» в Университете Брунеля в Лондоне. Кандидат филологических наук.

QUALITY OF TEACHER EDUCATION

Rector of Zhubanov University Laura Karabasova and the head of the education department of the Aktyob region, Zhaiyk Sultan, discussed the

cational programs. We have increased the number of hours allocated for teaching practice. We have increased the requirements for practice managers appointed from practice bases and educational organizations. From city schools Experienced teachers have been invited to teach students the discipline “Teaching Methods,” the publication says.

Zhaiyk Sultan is a graduate of Zhubanov University. He graduated from the university in 2004 with a degree in Kazakh language and literature.

In 2014, under the Bolashak program, he studied in the specialty “Theory and Methods of Teaching and Education” at Brunel University in London. Candidate of Philology.



Менің өзім бұл мерекені қазақтың бейбіт заманында, ұлт ісіне жауапты адамдары көп болған уақытта тойлаған төл мерекесі деп айтар едім. Әрине, мұның барлығы әлі де терең зерттелуі керек. Осы жаңа жыл айында халыққа, шаруашылыққа, өнерге қатысты нәрселер толығымен зерттелуі тиіс, қоғамға дұрыс жетуі керек. Өлі толығымен жетпей жатқан, түсінбей жүрген нәрселеріміз жоқ емес. Наурызнама ел болып өмір сүрудің жолын зерделеген, болашақта атқарылатын істердің тізбесін жасақтайтын айға айналуы тиіс. Адамның ерік-жігерін, өнерін ортаға салған, содан әр адам жақсы әсер алған күн болуы керек. Әрине, қазіргі уақыт басқа. Бірақ Наурызнама арнайы мәдени шараларды бірінен соң бірін тізбектеп өткізу үшін емес, ел, халық болып әр нәрсенің орнын, шамасын дұрыс зерделеп, танытын, бағамдайтын айға айналуы тиіс. Тарихтағы халықтың тәжірибесі негізге алынуы керек.

✓ Academic mobility

Поляктар өте қатты



ӨЗ ТІЛІН ҚҰРМЕТТЕЙДІ

Дастан Чапай Zhubanov University 6B11302 — «Кешенді көліктік логистика» БББ 3-курс студенті. Ол өткен оқу семестрін Польша Республикасындағы Быдгощ Экономика университетінде оқып келді.

Зерек студенттен шетелден алған әсері, жиған тәжірибесі жайында сұраған журналист Гүлнара Қараша.

— Дастан, биылғы оқу жылы сіз үшін ерекше басталған екен. Польша елінде бірінші рет болуыңыз ба?

— Ия. Бұл менің бірінші рет Қазақстан шекарасынан шығуым еді, осындай мүмкіндік берген университетіме алғысым шексіз. Басында үйренісу қиын болды. Не дегенмен, мүлде басқа сағаттық белдеу, жаңа орта, ауа райы да басқа, халқы бөлек.

Быдгощ университетімен Zhubanov University ұзақ жылдан бери академиялық серіктестікте. Сондықтан онда семестрлік оқуға барған студенттерге қолайлы жағдай жасалған.

— Сабақ ағылшын тілінде өткен болар? Әлде поляк тілін меңгеру қажет пе?

— Біз сол ағылшын тіліне сеніп барған болатынбыз, поляктар өз тілдерін өте қатты құрметтейді екен, сондықтан олар ең бірінші өз тілінде түсіндіруге тырысады. Көбіне аудармашымен жүрген кездер болған. Туындаған осы қажеттіліктің себебімен 4 ай ішінде поляк тілін жақсы меңгеріп шықтым.

Әрине сабақ ағылшын тілінде өткізілді. Өйткені жан-жақтан жиналған студенттер үшін ортақ тіл — ағылшын тілі.

Түйгенім, Еуропаның кез келген еліне барар алдында сол елдің тілін меңгеріп бару керек. Сонда жергілікті халықпен оңай тіл табысып кетуге жақсы.

— Өзіңіз бұрынғы спортшы екенсіз. Таеквондомен кәсіби айналысып, бірнеше дүркін еліміздің және Азия чемпионы болғаныңыздан хабардармыз. Быдгощ университетінде сізбен бірге оқыған польшалық достарыңыздың салауатты өмір салтына көзқарастары қандай екен?

— Быдгощта жоғары деңгейде дамып тұрған спорт түрі — футбол. Үлкен-кішісі футболға қызығады және кәсіби түрде айналысады. Жасөспірімдер мен балаларға арналған бірнеше футбол академиялары бар. Біз оқыған Быдгощ Экономика университетінде футболдан турнирлер өтті. Тек поляк студенттерімен емес, Украина, Словакия, Африка елдерінен келген студенттермен футбол ойнап, 2-орын

алдық. Сонымен бірге волейбол, шахмат, дзюдо, баскетбол, жүзу спорт түрлерімен де тегін айналысуға болады. Мені футбол мен бассейн қызықтырғандықтан, осы спорт түрлерімен айналыстым.

— Болашақ мамандығыңыз бойынша ол елде перспективалық жағынан қандай жағдайлар қарастырылған деді. Жалпы кешенді көліктік логистика саласының дамуына назар аудардыңыз ба?

— Польшадағы логистикалық сектор тауарларды жеткізу мен тасымалдауды басқарумен және ұйымдастырумен айналысатын халықаралық компаниялар үшін көптеген артықшылықтар ұсынады.

Негізгі артықшылықтардың бірі — тауарларды бүкіл ел бойынша жылдам және тиімді тасымалдауды және халықаралық жеткізілімдерді қамтамасыз ететін дамыған көлік инфрақұрылымы. Польшада оны негізгі еуропалық нарықтармен байланыстыратын заманауи көлік дәліздерінің желісі бар.

Оның үстіне Еуропаның әртүрлі елдеріне тауарларды тасымалдауды жеңілдететін қолайлы географиялық жағдай, ең бастысы дамыған инфрақұрылым!

Польшада көлік түрлері өте жоғары деңгейде дамыған, теміржол, автокөлік те, теңіз арқылы тасымал да. Балтық теңізі мен Солтүстік теңізде орналасқан порттар арқасында теңіз арқылы тасымал

жоғары деңгейде. Ал темір жол онда нөмері бірінші транспорт көзі десек артық етпейді, жоғары жылдамдықтағы жүйрік поездардың жаңартылған вагондары халық үшін өте комфортты. Автокөлік (фура) арқылы тасымал бойынша да айта аламын. Еуропадағы ең ірі компанияның бірі GLS логистика және посылка таратумен айналысатын компанияның Быдгощтағы қоймасында жұмыс істеу мүмкіндігі болды. Онда болашақ мамандығыма қатысты үлкен тәжірибе жинақтадым, шетелдік компанияда шетелдіктермен жұмыс жасау маған қызық, әрі пайдалы болды. Польша мемлекетінде логистика өте жоғары деңгейде екен.

— Польша еуропалық ел және оған көптеген еуропалық елдер шекаралас қой. Демалыс күндері негізі студенттер ел аралап, саяхаттайды деп еді, ондай мүмкіндіктер болды ма? Быдгощ қаласының өзі қандай әсер қалдырды?

— Саяхаттауға мүмкіндік көп болды. Билеттер құны арзан, арақашықтық ұшақпен 1-3 сағат арасында. Мен достарыммен бірге, 4 ай ішінде 9 мемлекетте болдым. Саяхаттаудың өзі білім алумен тең. Өйткені жаңа қалалармен танысу, музейлер мен театрларды аралау, тарихи ескерткіштерді көзіңмен көру керемет эмоциялар қалдырады.

Быдгощ қаласы Польшаның солтүстігінде Висла және Брда өзендерінің жағасында орналасқан. Әдемі архитектурасымен көз тартатын ескі поляк қаласы. Жасыл желегі мол жер, аз уақытта бауыр басып қалдым.

— Шетелге шыққан кезде студент жасқа жинақылық, ұстамдылық, жауапкершілік, әрине бастысы білімін жетілдіруге ұмтылыс қажет қой. Бойыңыздан бұл сапардан соң тұлғалық өсу сездіңіз бе?

— Әрине, есею, алдағы армандарға ұмтылу және биік мақсатты бағындыруға деген сенім.



✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news



ӘЗІРБАЙЖАНДЫҚ УНИВЕРСИТЕТПЕН ТӘЖІРІБЕ АЛМАСУ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сапармен Әзербайжан Республикасына барды. Сапар барысында қос ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған келіссөздер жүргізіліп, кездесулер өтті.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Әзербайжан Республикасының Ғылым және білім министрі Эмин Эльдар оғлу Амруллаев білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қойды. Сонымен қатар ведомство басшылары екі елдің жоғары білімі мен ғылымын ілгерілету мүмкіндіктерін талқылады.

Сапар аясында Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова Баку мемлекеттік университетінің басшылығымен кездесті. Тараптар жоғары білім беру саласында тәжірибе алмасып, ғылым мен білімді дамытуға бағытталған бірқатар келіссөздер жүргізді, — деп хабарлады университеттің Баспасөз қызметі.

— Әзербайжандық әріптестерімізбен физика-математика, жаратылыстану, тарих факультеттері мен Heriot-Watt филиалының студенттері үшін академиялық ұтқырлық бағдарламасын, сонымен қатар, Баку университетінің механика-математика факультеті, қолданбалы математика және кибернетика факультеті, гео-

логия факультеттерімен бірлескен ғылыми жобалар жасау мүмкіндіктерін талқылады, — деді университет ректоры.

Баку мемлекеттік университеті 1919 жылы негізі қаланған Әзербайжандағы ең ежелгі оқу орындарының бірі. Оқу ордасындағы білім алушылар саны 24 мыңнан асады. Физика (физика, химия, биология, астрономия, математика) және инженерлік ғылымдар (химиялық инженерия, геологиялық инженерия, гидрогеологиялық инженерия, геофизикалық инженерия) секілді мамандықтарымен танымал. Еліміздегі ҚазҰУ, ЕҰУ, Есенов университеттерімен бірлескен қос дипломды MSC бағдарламалары бар.

ОБМЕН ОПЫТОМ С АЗЕРБАЙДЖАНСКИМ УНИВЕРСИТЕТОМ

Президент Казахстана Касым-Жомарт Тоқаев побывал с государственным визитом в Азербайджанской Республике. В ходе визита были проведены переговоры и встречи, направленные на укрепление сотрудничества между двумя странами.

Министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек и министр науки и образования Азербайджанской Республики Эмин Эльдар оғлу Амруллаев подписали протокол о внесении изменений в соглашение о сотрудничестве в области образования. Также главы ведомств обсудили возможности продвижения выс-

шего образования и науки двух стран.

В рамках визита ректор Zhubanov University Лаура Карабасова встретила с руководством Бакинского государственного университета. По сообщению пресс-службы университета, стороны обменялись опытом в сфере высшего образования и провели ряд переговоров, направленных на развитие науки и образования.

— С нашими азербайджанскими коллегами мы обсудили программу академической мобильности для студентов физико-математического, естественнонаучного, исторического факультетов и филиала Heriot-Watt, а также возможности создания совместных научных проектов с Бакинским университетом, а именно механико-математическим факультетом, факультетом прикладной математики и кибернетики, геологическими факультетами данного вуза, — сказала ректор университета.

Бакинский государственный университет — одно из старейших учебных заведений Азербайджана, основанное в 1919 году. Количество обучающихся превышает 24000 студентов. Известен такими специальностями, как Физика (физика, химия, биология, астрономия, математика) и инженерные науки (Химическая инженерия, геологическая инженерия, гидрогеологическая инженерия, геофизическая инженерия). В стране действуют совместные двухдипломные программы MSC с университетами КазНУ, ЕНУ, университет имени Есенова.

EXCHANGE OF EXPERIENCE WITH AZERBAIJAN UNIVERSITY

President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev paid a state visit to the Republic of Azerbaijan. During

the visit, negotiations and meetings were held aimed at strengthening cooperation between the two countries.

The Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan Sayasat Nurbek and the Minister of Science and Education of the Republic of Azerbaijan Emin Eldar oğlu Amrullayev signed a protocol on amending the agreement on cooperation in the field of education. The heads of departments also discussed the possibilities of promoting higher education and science in the two countries.

During the visit, Rector of Zhubanov University Laura Karabasova met with the leadership of Baku State University. According to the university press service, the parties exchanged experience in the field of higher education and held a number of negotiations aimed at the development of science and education.

— With our Azerbaijani colleagues, we discussed the academic mobility program for students of physics and mathematics, natural science, history faculties and the Heriot-Watt branch, as well as the possibility of creating joint scientific projects with the Baku University, namely the Faculty of Mechanics and Mathematics, the Faculty of Applied Mathematics and Cybernetics, geological faculties of this university, — said the rector of the university.

Baku State University is one of the oldest educational institutions in Azerbaijan, founded in 1919. The number of students exceeds 24,000. Known for such specialties as Physics (physics, chemistry, biology, astronomy, mathematics) and engineering sciences (Chemical engineering, geological engineering, hydrogeological engineering, geophysical engineering). The country has joint double-degree MSC programs with the universities of KazNU, ENU, and Yessenov University.



✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news



ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ҮШІНШІ ОТЫРЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өтті.

Екі күнге созылған жиында барлық өңірден келген құрылтай мүшелері ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын өзекті мәселелерді талқылады. Шараның бірінші күнінде «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым», «Әлеуметтік-экономикалық және аймақтық даму» секциялары бойынша отырыс өтіп, 100-ден аса ұсыныс пен бастама көтерілді.

Ұлттық құрылтайға мүше ретінде отырысқа Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова да қатысты.

— Жиында еліміздің әр өңірінен сан түрлі саланың мамандары мен зиялы қауым өкілдері басқосты. Мақсат — қоғамда қордаланған мәселелердің тиімді шешімін табу. 4 бағыт бойынша секциялық отырыстар өтті. «Білім және ғылым» секциясының отырысында әріптестерімізбен ғылым және білім саласының өзекті мәселелерін талқыладық.

Президент Құрылтайда мемлекетіміз үшін маңызды идеологиялық тұжырымдар мен негізгі бағыттар туралы тарқатып айтты.

Ең алдымен ұлттық құндылықтарымызды, тарихымыз бен мәдениетімізді қастерлеуге, адал еңбек етіп, сауатты, білімді «Адал азамат» ұғымына сай болуға үндеді. Әсіресе кітап оқитын ұлтқа айналу үшін кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайтынын айтып, жастарды кітап оқуға шақырды.

Осы тұста университетімізде кітапхана трансформациясы қарқынды жүріп жатқанын алдыңғы жазбаларымда айтқанмын. Қазір алдымызда университет кітапханасын үлгі болатындай озық кітапханалардың біріне айналдыру бойынша маңызды миссия тұр, — деді ректор өзінің Telegram каналында.

ТРЕТЬЕ ЗАСЕДАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО КУРУЛТАЯ

Под председательством Главы государства Касым-Жомарта Токаева в Атырау состоялось третье заседание Национального Курултая.

На двухдневном совещании члены учредителей со всех регионов обсудили актуальные вопросы, определяющие направление развития страны. В первый день мероприятия проведено заседание по секциям «Гражданское общество», «Культура. Искусство. Руханият», «Образование и наука», «Социально-экономическое и региональное развитие», где высказано более 100 предложений и инициатив.

В качестве члена Национального курултая в заседании также приняла участие ректор Zhubanov University Лаура Карабасова.

— На совещании приняли участие специалисты различных сфер и представители интеллигенции из разных регионов страны. Цель-найти эффективное решение проблем, беспокоящих общество. Состоялись секционные заседания по 4 направлениям. На заседании секции «Образование и наука» мы с коллегами обсудили актуальные вопросы науки и образования.

Президент на курултае рассказал об идеологических выводах и основных направлениях, важных для нашего государства.

Прежде всего, он обратил внимание на важности почитания наших национальных ценностей, истории и культуры, рассказал каким должен быть гражданин Казахстана: добросовестный, трудолюбивый, грамотный, образованный и соответствовал понятию «честный гражданин». Нам важно стать читающей нацией, а молодежь приучать читать книги, не пренебрегать развитием библиотечного дела.

Я уже упоминала в предыдущих постах, что в нашем университете происходит динамичная библиотечная трансформация. По модернизации университетской библиотеки в одну из передовых библиотек, которая станет примером для подражания, стоит важная миссия, — сказала ректор на своем Telegram канале.

THIRD MEETING OF THE NATIONAL KURULTAI

Under the chairmanship of Head of State Kassym-Jomart Tokayev, the third meeting of the National Kurultai was held in Atyrau.

At the two-day meeting, founding members from all regions discussed current issues that determine the direction of the country's development. On the first day of the event, a meeting was held in the sections "Civil Society", "Culture. Art. Ruhaniyat", "Education and Science", "Socio-economic and Regional Development", where more than 100 proposals and initiatives were put forward.

Rector of Zhubanov University Laura Karabasova also took part in the meeting as a member of the National Kurultai.

— The meeting was attended by specialists from various fields and representatives of the intelligentsia from different regions of the country. The goal is to find an effective solution to problems that concern society. Sectional sessions were held in 4 areas. At the meeting of the "Education and Science" section, my colleagues and I discussed current issues in science and education.

At the kurultai, the President spoke about the ideological conclusions and main directions important for our state.

First of all, he drew attention to the importance of honoring our national values, history and culture, and told what a citizen of Kazakhstan should be: conscientious, hardworking, literate, educated and consistent with the concept of "honest citizen." It is important for us to become a reading nation, and for young people to start reading books, and not to neglect the development of librarianship.

I have already mentioned in previous posts that our university is undergoing a dynamic library transformation. There is an important mission to modernize the university library into one of the leading libraries, which will become an example to follow, the rector said on her Telegram channel.

Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айерке Сұлтанбекова

☑ March 8 — International Women's Day

«Мереке күніңмен!» мерекелік бағдарламасы

Zhubanov University — ару жүзді ЖОО. Мұнда өмірін еліміздің жоғары білім беру ісіне арнап, аянбай еңбек етіп жатқан аналар мен қыздар көп. Оларды әдемі мерекемен құттықтаған университет ректоры Лаура Қарабасова бүгінде жоғары оқу орнында ауқымды іс-шаралар іске асып жатқанын, алдағы уақытта Жұбанов аруларының экономикалық, шығармашылық, мансаптық мүмкіндіктерін арттыруда жұмыстар жалғасатынын айтты.

Мерекелік кеште университеттің заман тынысына сай дамуына қосып жатқан үлестері үшін бірқатар профессор-оқытушылар мен қызметкерлер облыс әкімінің, АМАНАТ партиясының облыстық филиалының атқарушы хатшысының, университет ректорының Алғыс хатымен марапатталды.

Мерекелік концертте өнер көрсеткен, 20 жылдан астам әктебелік көрерменнің көзайымы болып келе жатқан А.Жұбанов атындағы халық аспаптар оркестрі тамаша көңіл-күй сыйлады. Бас дирижері ҚР Мәдениет саласының үздігі Мәдина Қабижанова.

Атақты «Аққу» би ансамблінің орындауындағы мағыналы би композициялары, көркемдік жетекшісі Гульнар Мамбетова, сондай-ақ облыстық филармонияның жас әншілерінің, университет өнерпаздарының өнер-сыйлары көңілге шаттық берді.

Гульнар Қараша



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26ВРУ00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гульнар Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана